

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Спорт және өнер факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№9 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

30.05.2023 ж.

Қатысқандар: комиссия төрағасы:

1. Дайрабаев М.С аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

1. Г.Д.Абдуллаева-аға оқытушы;

2. Г.Г.Масадикова- PhD;

3. А.Күздеубаева-п.ғ.к.,аға оқытушы;

4. А.Сейтметова-ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы;

5. Ә.Исаев аға оқытушы;

6. Т.Қасенов аға оқытушы;

7. М.Пахридинова магистрант;

8. А.Дәрмеш студент;

9. Б.Балтабаева әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Шақырылғандар:

1.Д.Елжанов-Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

2.У.Кулетова-Факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы

3.Ә.Ботақараев-орындаушылық өнер кафедрасының меңгерушісі

Комиссия хатшысы: М.Сейсенбекова-аға оқытушы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қайта қаралған білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін қадағалау..

2. ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін қадағалау.

3. Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігіне мониторинг жасау.

4. Мамыр айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Дайрабаев М. күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қайта қаралған білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін қадағалау мәселесі бойынша сөз бірінші кезекте «Орындаушылық өнер» кафедрасының меңгерушісі, ҚР мәдениет қайраткері А.Ботақараевқа берілді: «Орындаушылық өнер» кафедрасында Музыкалық білім мамандығы бойынша 2023-2024 оқу жылына бакалавр бойынша білім беру бағдарламалары дайындалуда. Кафедрада жұмыс тобы құрылған. Бағдарламаларды дайындауда жұмыс берушілерді қатыстырып, олардың ұсыныстарын ескерудеміз. Академиялық департамент және кафедрадағы жұмыс тобы мүшелері сервис, мамандық пәндері жоспарға сәйкес анықталғаннан кейін, оқыту нәтижелерін анықтады. Осының нәтижесінде пәннің сипаттамасы дайындалды. Дегенмен, дайындалған бағдарламаларды академиялық бөлімнің тексеруіне ұсындық. БББ дайындауда оның мазмұны жаңартылуда. Яғни, кейбір пәндерді жұмыс берушілердің ұсынысымен және білімгерлердің таңдауына сәйкес енгіздік. БББ аяқталғаннан соң ҚР БҒМ Реестріне тіркейміз деп атап өтті. Мәжіліске қатысқан әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері Б.Балтабаева

күн тәртібінде бірінші мәселе, яғни, білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін қадағалау мәселелері бойынша кафедраларда жұмыстар жүргізіліп жатқанын, бірақ әлі де білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелмегенін атап өтті. Бұл мәселелерді жылдам аяқтау қажеттігін жеткізді.

Шешім: Қайта қаралған білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін толыққанды жүзеге асыру кафедра менеджерлеріне жүктелсін.

Талқыланды. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы Дайрабаев.М күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз қозғады: ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігі университет сайтында қамтамасыз етілген.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде даярланатын мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын қалыптастыру жоғары кәсіптік білім берудегі құзыреттерге, оқыту нәтижелеріне негізделген. Бұл бөлімге Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде білім беру саласында қолданылатын нормативтік құқықтық құжаттар ендірілген.

Шешім: ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттармен факультеттің ОПҚ құрамы университет сайтында таныстырылсын.

Талқыланды. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы Дайрабаев.М күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз қозғады: Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігіне мониторинг жасау. Білім алушыларды Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру және оқу төлемақысына жеңілдіктер берілген.

Университеттің 05.06.2019ж. бекітілген СМЖ УЕ-ХҚТУ-038-2019 «Ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер Ережесінің» 6.1., 6.1.2, 6.1.3, 6.1.4, 6.2., 6.3., 6.4., баптарына, 09.10.2020ж. күні бекітілген СМЖ УЕ-ХҚТУ-038-2020 «Білім алушыларды Мемлекеттік білім беру грантынан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру Ережесінің» 6.1, 6.2, 6.3, 6.4, 6.5-баптарына және 2021-2022 оқу жылындағы университеттің жеңілдіктер беру комиссиясының шешіміне сәйкес берілді. Тұл жетім студенттерге екі мезгіл тамақтануға талон беріледі.

ХҚТУ-да әлеуметтік саласын дамытудағы кешенді бағдарлама мына бағыттарда жүргізіледі: «Білімгерлердің әлеуметтік құзырлығын арттыру», «Жетім, мүгедек және диспансерлік есепте тұратын студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету», «Білім алушылар мен қызметкерлерге материалдық көмек көрсету және ынталандыру» және «Медициналық қызмет көрсету, студенттер мен қызметкерлердің арасында салауатты өмір сүруді қалыптастыру және түрлі аурулардың алдын алу». Диспансерлік есепте тұратын студенттерге, мүгедек және жетім студенттерге әлеуметтік және материалдық қолдау жасау мәселесіне айрықша көңіл бөлінеді. Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар қатарындағы студенттерге барлық материалдық және моральдық көмек көрсету мақсатында ақшалай өтемақы төлеу жұмысы ұйымдастырылған.

Университетінің қаржылық қолдауы академиялық тұрғыдан жоғары академиялық көрсеткіштеріне ие білім алушыларды ынталандыруға көзделген. Университет жаңа академиялық оқу жылында бакалавриат және магистратура бағдарламаларына түскен студенттерге бірнеше грант түрлерін ұсынады. Барлық гранттар бекітілген ережелер бойынша байқау негізінде үлестіріледі. Іріктеу кезінде студенттің академиялық үлгерімі мен соңғы 3 жыл ішіндегі ұлттық және халықаралық деңгейегі жұлдері орындары ескеріледі. Қаржылық қолдауды ұсыну және оның көлемі

Университеттің бекітілген ережелеріне сәйкес анықталады.

Қаржылық қолдау түрлері:

1. ХҚТУ білім алушыларға арналған шәкіртақылар.
2. Ақылы бөлімде оқып жүрген студенттер үшін қаралыстырған қаржылық қолдау түрлері.
3. Жастарды әлеуметтік жағынан қолдау түрлері.

ЖЕҢІЛДІК КОМИССИЯСЫ

ХҚТУ студенттері мен қызметкерлерін әлеуметтік қорғау мәселесі үнемі университет басшыларының тікелей қадағалауында болады. «Университетке ақылы негізінде қабылданған студенттерге оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер туралы ережесіне» сәйкес ақылы бөлімде оқып жүрген студенттер үшін жеңілдік комиссияның шешімімен төменде көрсетілген қаржылық қолдау түрлері қаралыстырған:

- Оқу үздіктеріне 25%-ға дейін жеңілдік;
- Ата-анасынан айырылған тұл жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларға 25%-ға дейін жеңілдік;
- Әлеуметтік жағдайы төмен алушыларға 25%-ға дейін жеңілдік;
- Ата-анасының біреуі, университеттегі еңбек өтілі 3 жылдан кем емес 25%-ға дейін жеңілдік;
- ХҚТУ қызметкері немесе жұмысшысы болған білім алушыға 25%-ға дейін жеңілдік;

Шешім: Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтері қанағаттанарлық деп танылсын.

Талқыланды. Дайрабаев.М күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алып, сәуір айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін қорытындылады: Жоспар бойынша қарастырылған мәселелердің бірі БББ дайындау болғандықтан, бұл мәселелердің кафедралар және арнайы жұмыс тобы тарапынан орындалып жатқанын атап өтуіміз керек. Дегенмен, ҚР БЖҒМ Реестріне тіркеу, сараптамадан өткізу үшін толыққанды жұмыстар жүргізілу керек.

- Факультетке қарасты мамандықтар бойынша білімгерлерді академиялық және әлеуметтік қолдау жұмыстары өз денгейінде жүргізілуде.
- БББ дайындау барысында нормативтік-құқықтық құжаттар талаптары сақталуда және қол жетімді.

Шешім: Мамыр айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін қанағаттанарлық деп танылсын

ФСҚЕК төрағасы:



М.Дайрабаев

Хатшы:



М.Сейсенбекова